

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

Математиканы оқыту үрдісін ұйымдастырудағы кіріктірілген сабақ

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/34828/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сулейменова

Білім жүйесін реформалау оны ұйымдастыру мен мазмұнына жаңаша методологиялық тұрғыда қарауды талап етеді. Оның негізгі идеясы оқу материалын жүйелеп, ғылымдарды интеграциялау арқылы пәнаралық байланысты ұйымдастыру. Бұл бір жағынан бізге дүниенің тұтастығын көрсетсе, екіншіден мазмұнды оптималдап бізге түсетін жүктемені азайтады.

Кіріктіру - жымдастыра біріктіру, тұтастырып жіберу.

Кіріктіру— «интерграция» шет тіл сөздерінің сөздігіндегі анықтама бойынша латын тілінен аударғанда қандайда бір элементерді, бөліктерді біріктіру немесе жаңарту, қалпына келтіру, француз тілінен аударғанда енгізу, қосу, жұмдасу деген ұғымдарды білдіреді, Лингвистикалық сөздіктегі анықтама бойынша «интегривоние-это приближение наук друг к другу, нивелирование их различий в процесее оьеденение в одну науку»

Кіріктірілетін сабақ— бұл бір тақырыптың аясында бірнеше пәннің материалын жинақтап өткізу, деп әйгілі педогог И.П Подасый өзінің «Бастауыш мектептің педогогикасы »деген еңбегінде көрсеткен.

Интеграция өзара экономикалық қарым қатынаста сондай-ақ үшінші бір елдермен қатынастарда келтірілген саясат жүргізу мақсатымен тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғалымдарды біріктіру.

Қазіргі мектептерде интеграциялау бірнеше бағыттар бойынша және әртүрлісатыда жүргізіледі: пәнішілік жіне пінаралық.

Алдыңғы кезекте жеке мәселесі қойылды. Бұл мәселемен айналасатын ғылым информатика деп аталады.

Информатиканы басқа пәндермен интрациялауды мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

1. Мұғалімнің жаңа бағыттағы күшін сынаудағы жүргізілетін бір мәрте кіріктірілетін сабақтар.
2. Бірнеше пәндердегі материалдарды бірітіретін, бірақ олардың тәуелсіздігін сақтайтын блок сабақтар.
3. Жаңа кәсіби курстар.
4. Жаңа пәндер.

Бірақ кіріктірілетін сабақ түсінігі әлі де даулы сұрақтардың бірі болып саналады. Оның белгілері қандай: Біріншіден, екі немесе үш пәнге ортақ жаңа күрделі нақты мәселені шешуге арналған сабақты айтуға болады. Сондықтан бірнеше мұғалімнің қатысуы, оқи материалын механикалық біріктірілуі интеграция көрсеткіші деңгейін анықтай алмайды. Деңгейді тек қана интеграциялау арқылы шешуге болады. Олар бір класта, бірақ әртүрлі топтармен жұмыс істейді немесе семинарда, диспутта, дискуссияда, бір сұрақты талдауды жүргізеді.

Кіріктірілген сабақтарда мұғалімдердің, оқушылардың арасындағы міндетерді бөлудің әртүрлі формалары бар, оның ішіне дәстүрлі емес сабақтарды кіргізуге болады. Білім алмасы сабақтарында оқушылар топтарға бөлінеді және әрқайсысы беріген тақырыпқа байланысты өз білімдерін көрсетеді. Бұл форманы оқу піндеріндегі тақырыптардың сәйкестігі арқылы қолдауға болады. Ол оқушылардың алдын-ала дайындығын қажет етеді. Сыныптастарының білімін тексеруде әрбір оқушы жауапты әділ бағалайтын әрі белгілі шкала көрсеткіштерін қолдануы шарт.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.